ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 мамыр №2301-24-00-2/1204 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы А.Нигметова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау жоғары медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «ГосТорг» Ашимбек Джолдасбекович Шаншаров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Д.Жаймаков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 07 наурызда тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №43 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға қағазды белгілерге арналған жапсырма жеткізу қызметін шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген. Шарт бойынша тауар жеткізу мерзімі 2024 жылдың 25 наурызына дейін.

Талап қоюшы сотта жеке кәсіпкер «ГосТорг» Ашимбек Джолдасбекович Шаншаровқа талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

Соттың 2024 жылғы 29 мамырдағы ұйғарымымен талаптын тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігі қараусыз қалдырылды.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Д.Жаймаков талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, жағымсыз салдарының бар екенін, жауапкер телефонын көтермейтінін көрсетті.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (келесіде – АПК) 196-бабын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жетізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 23 сәуірде жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 196, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау жоғары медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 30.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 01.07.2024, судья Саудабаев А. Б., 01.07.2024
2301-24-3-1/1290

жеке кәсіпкер «ГосТорг» Ашимбек Джолдасбекович Шаншаровты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ГосТорг» Ашимбек Джолдасбекович Шаншаров мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ГосТорг» Ашимбек Джолдасбекович Шаншаровтан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 30 мамырда шығарылды.
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2024 жылғы « » енді.
Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 30.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.07.2024, судья Саудабаев А. Б., 01.07.2024